

Сейтова Гаухар Аманжоловнаның 6D01100 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ШКІР

Еліміздің дамыған елдер қатар ену бойынша стратегиялық құжаттардың барлығында қазақстандықтардың жан-жақты, білімді, шетел тілдерін игерген, бәсекеге қабілетті болуары жайлы айтылады. Осы талапты орындауда отандық шеттілдік білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіру азаматтарымыздың шеттілдік білімдерін тереңдетуге, өздерін шетелдік өкілдер арасында сенімді сезінуге, кемел қоғам құру ісін онтайландыруға оң әсерін тигізеді.

Қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени сияқты әр саласындағы болып жатқан белсенді үдерістер халықаралық қатынастардың кеңеюіне алып келуде. Қазақстанның іргелес территориялық көршісі, әлем алпауыттарының бірі, аймақтағы ірі геосаяси ойынши, экономикамыздың басты инвесторы ҚХР болғандықтан, қытай тілін оқыту маңызы арта түседі. ҚХР-дің еліміздің өнірлік мұнай және газ өндіру саласында басты инвесторлардың бірі болуы, қытай өндіріс компаниялардың орналасуы, жұмыс орындарын ұсынуы жергілікті халықтың техникалық сала бойынша мақсатты қытай тілін үйренуге деген қызығушылығын оятады.

Дегенмен, елімізде қытай тілін мақсатты оқыту әдістемесін жетілдіру күн тәртібіндегі мәселе. Бұл шетелдік әріптестермен толыққанды мәдениетаралық кәсіби қарым-қатынас субъектісі ретінде кәсіби қатынаска түсудің кепілін қамтамасыз етуде қазақстандық білім беру жүйесінің сапасын барлық деңгейде дамытуға жетелейді. Аталған сұранысты қанағаттандыру үшін техникалық мамандықтар студенттеріне тән ерекшеліктер мен мамандыққа қатысты кәсіби терминдерді ескере отырып дайындалған «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың өзектілігі айқындала түседі.

Ізденуші диссертациялық жұмыс талаптарына сәйкес келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

ытай тілін шетел тілі ретінде жоғары оку орындарында оқытуудың теориялық негізін айқындау барысында алғаш рет С.С.Құнанбаеваның әдіснамалық ғылыми мектебінің тұжырымдарына сүйене отырып, қытай тілін техникалық мамандықтар студенттеріне оқытуудың ғылыми-әдістемелік негізін құрастырды;

олашақ инженерлердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін мәдениетаралық коммуникациямен біріктіре отырып қалыптастырды;

ытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттіліктің құрылымдық

мазмұны ретінде лингвистикалық, ақпараттық-техникалық, коммуникативтік және кәсіби-түсіндірмелі субқұзыреттіліктер анықталды; ытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың жүйесі болып әдістемелік үлгісі, когнитивтік-коммуникативтік, тұлғалық-бағытталған, кәсіби-бағытталған, құзыреттілік тәсілдері, көрнекілік, білім алушылардың жекелеген тұлғалық ерекшеліктерін ескеру, коммуникативтік, функционалдық, студенттердің әлеуетті жұмыс берушілерінің мұдделерін ескеру, аутентивтік принциптері, эвристикалық әңгіме, ақпараттық рецептивтік, зерттеу, проблемалық оқыту, үлгілеу әдістері және эвристикалық әңгіме, дискуссия, жоба, проблемалық жағдаяттық тапсырмалар, іскерлік рөлдік ойындар технологиясы айқындалды; олашақ инженерлерге қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік үлгінің тиімділігі тапсырмалар жинағымен тәжірибелік сынақтан өткен.

Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдамалары мен қорытындылары логикалық тұрғыда реттілікпен сипатталып, заманауи шеттілдік білім беру ғылыминың өзектілігімен айқындалған. Ізденушінің зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір нәтижесі, қорытындысы ғылыми тұрғыда негізделген.

Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының негізділігі мен нақтылығы:

тандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінің зерттелуімен; еттілдік білім беру үдерісінің нормативтік құжаттарымен; иссертация бойынша жарияланымдармен; әжірибелік-эксперимент нәтижелерінің енгізілуімен расталады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері Scopus, KР БФСБК ұсынған журналдарында және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларды баяндалған.

Диссертациялық зерттеу жұмысы ішкі бірізділікке ие, логикалық тұрғыда аяқталған еңбек. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері жұмыс барысында жүйелі түрде шешімін тапқан.

Тілдік емес мамандықтар студенттеріне шеттілдік білім беруге бағытталған ғылыми-педагогикалық арсенал бойынша (Кочергин И.В., Задоенко Т.П., Хуан Шиун, Демина Н. А., Құнанбаева С.С. және басқалар) зерттеушілердің тілдік емес бағыттағы мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы әдістемесін техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруда ұтымды пайдалана алған.

Ғылыми нәтижелерді ізденушінің шеттілдік білім беру үдерісінде қытай тілі бойынша техникалық мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудығы үлесі ретінде ұсынуға болады. Ізденушінің диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сәйкес орындалған және дербес аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады.

Ізденуші Г. А. Сейтованың «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін

қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында орындалған докторлық диссертациясын қорғауға болады және Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келетіндіктен, ізденуші Сеитова Гаухар Аманжоловнаға 6D01100 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беруге лайықты деп қорытынды жасауға болады.

Ғылыми жетекші,
педагогика ғылымдарының докторы,
Абылай хан атындағы КазХҚЖӘТУ профессоры

К. У.Кунакова

